«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

Nоt-2-355/348
от 13.05.2021 год

«Артком Трэйд» ЖШС-нің
директоры А.М.Әбішовке
Мекен-жайы: Қызылорда қ., Шұғыла ықшамауданы, 6а-45

Қазақстан Республикасы қаржы министірлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі –Департамент*) Сіздің 2021 жылғы 27 сәуірдегі №101078 *(27.04.2021 жылы №ЗТ-Ә-355 санмен тіркелген)* «Құрманғазы ауылдық округ әкімінің аппараты" ММ-мен *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* конкурс тәсілімен жарияланған № 5476831-1 «*Құрманғазы ауылындағы елді мекендерге көше жарығын орнату*» мемлекеттік сатып алудың қорытындысына берген шағымыңыз бойынша төмендегіні хабарлайды.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9 бабының 1 тармағының 4 тармақшасында *«әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылады»* деп атап көрсетілген.

Осы ретте, Ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб порталына орналастырылған Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(бұдан әрі - Қағида)* 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттамаға *(бұдан әрі - КҚ)* 1-3 қосымшасының 4 тармағында әлеуетті өнім берушілерге *«мастер ВЛ (по приказу) – 1 адам, электромонтеры с допуском (по приказу) – 2 адам»* болуы туралы біліктілік талаптар қойылғандығы анықталды.

Сонымен қатар, КҚ-ның 5-1 қосымшасының *(біліктілігі туралы мәліметтер)* ескертпесінің 1 тармағында *«құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және қолданыстағы объектілерді ағымдағы және орташа жөндеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады. Бұл ретте осы қосымшаның 4 және 5-тармақтарының талаптары мұндай әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды».*

Камералдық бақылаумен, Ұйымдастырушымен мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастырылған конкурстық құжаттаманы және сатып алынатын жұмыстың техникалық ерекшелігін зерделеумен жоғарыда сатып алынатын жұмыстың мәні – қолданыстағы объектілерді ағымдағы және орташа жөндеу жұмыстары болып табылмайтындығы анықталды.

Осыған орай, қатысушы әлеуетті өнім берушілермен КҚ-ның 1-3 қосымшасының 4 тармағында талап етілген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау міндетті болып табылады.

«Артком Трэйд» ЖШС-нің КҚ-ның 5-1 қосымшасына сәйкес ұсынылған біліктілігі туралы мәліметті зерделеумен, КҚ-ның 1-3 қосымшасының 4 тармағында талап етілген біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Осы ретте, конкурстық комиссиямен «Артком Трэйд» ЖШС-нің конкурстық өтінімі мемлекеттік сатып алу заңнамаларына сәйкес бас тартылғандығы анықталды.

Камералдық бақылау жүргізу Қағидасының 21 тармағы негізінде, шағымыңызда мәлімделген дәлелдер шегінде қаралғанын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221-III Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес, осы жауапқа қанағаттанбаған жағдайда басқа да жоғары тұрған органдарға шағымдану құқығыңыздың бар екендігін хабарлаймыз.

Департамент басшысының орынбасары **Ғ.Бекмұханов**

Орын:Ж.Ерболұлы
Тел:87122 31 90 38